



Табиғат аясында кітап оқыды

Қазір жаз мезгілі.
Оқушылар кезекті
жазғы демалыста. Осы
ретте кітапханашылар
кішкентайларды кітап
оқуға қызықтыру, әрі
олардың бос уақытын
тиімді пайдалануға
үйрету үшін
қызықты іс-шаралар
үйымдастыруды.

Осындаі бір өзгеше іс-шараны «Ардагерлер саябағында» Арқа-лық қаласындағы № 2 облыстық әмбебаптылыми кітапханасының балаларға қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері ашық аспан астында балалармен бірге «Табиғат аясында кітап оқу» тақырыбында әдеби отырысты № 7 жалпы білім беретін мектептің жазғы сауықтыру лагерінің оқушыларымен өткізді.

Бұл іс-шараның көздегені - балалар-

дың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Кітапты тек кітапханада, үйде, мектепте ғана емес, табиғат аясында да оқуға болатынын көрсеттік. Кішкентай оқырмандарымызға өлең де оқытып, ертегілермен және шағын әңгімелермен таныстырып, арасында доппен де ойнатып алдық. Біздің басты мақсатымыз - осындаі ерекшелікті қоса отырып, оқырман санын арттыру. Ойы озық, көкірегі оюя ел болашағының өсуіне өз үлесін қосу.

Іә, аспан астында кітап оқу - жазғы демалыстары балалар ушін керемет мүмкіндік. Жаңа білімді де игеріп, ойнап та, достармен бірге таза ауа жүтпей та үлгеруге болады. Бұл уақытта балалар телефоннан да демалады. Сондай-ақ бос уақытын

қызықты әрі пайдалы өткізуіне, көзқарасының дамуына ықпал етеді. Табиғатта балалар киял-ғажайып ертегілерінің таңғажайып беттерін парактап, түрлі-түсті басылымдарды қызығушылықпен қаралады. Соңында, балалардан алдағы уақытта орындықта отырып кітап оқуға үсінис келіп түсті. Таза аудада оқу пайдалы ғана емес, сонымен қатар қызықты және ыңғайлауды.

Ал, кітап оқу - балалардың ез ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға, табиғатты қорғауға, оны аялауға, салауатты өмір салтын үстануға тәрбиелейді.

Сандуғаш
ЕСМАҒАМБЕТОВА,
№2 ОӘФК
балалар
бөлімінің
меншерүшісі